

Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 72 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес және минералдық тыңайтқыштармен, тұқым дәрілерімен және гербицидтермен қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 8

қ а ң т а р д а ғ ы

N 7 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялау жолымен өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу тәртібін айқындайды.

2. Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражат (бұдан әрі - субсидиялар) минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушылардан отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі - ауылшартауарөндірушілер) сатып алатын минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің құнын ішінара өтеуге арналған.

2. Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға арналған қаражатты төлеу тәртібі

3. Заңды тұлғалар минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушылар болып табылады.

4. Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алушылар тізбесін Ауылшарминінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналық, қалалық) аумақтық басқармалары (бұдан әрі - Ауылшарминінің аумақтық басқармалары) бекітетін ауылшартауарөндірушілер болып табылады.

5. Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушыларды айқындауды Ауылшармині Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 915-бабына сәйкес тендерлік негізде жүзеге асырады. Сатушыларды айқындау жөніндегі тендер өткен жоқ деп танылған жағдайда Ауылшармині сатушыларды тендерлік рәсімдерді қолданбай-ақ айқындай алады.

6. Ауылшармині ауылшартауарөндірушілер үшін минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушыларды айқындау кезінде Ауылшармині бекіткен нысан бойынша Ауылшармині ауылшартауарөндірушілермен жасасатын шарттар негізінде ауылшартауарөндірушілер атынан әрекет етеді.

7. Минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің түр-түрін, көлемін, сондай-ақ тендердің талаптарын Ауылшармині осы Ереженің 6-тармағына сәйкес жасалған шарттар негізінде тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде айқындайды.

8. Минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің сатып алынатын көлемі мен түр-түрін Ауылшармині жоспарланатын егіс алқабына енгізудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес және тиісті жылға арналған республикалық бюджетте өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға көзделген қаражат мөлшерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының облыстары (республикалық маңызы бар қалалар, астана, қалалар) б о й ы н ш а б ө л е д і .

9. Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушыларды айқындау қорытындылары бойынша Ауылшарминінің аумақтық басқармалары, сатушылар және ауылшартауарөндірушілер арасында минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізудің және мақсатты пайдаланудың белгіленген көлемі шегінде үш жақты шарттары жасалады, онда соның ішінде, ауылшартауарөндірушілердің оларды өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге п а й д а л а н у т а л а п т а р ы а й т ы л а д ы .

10. Минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің көлемін ауылшартауарөндірушілер арасында бөлуді Ауылшарминінің аумақтық басқармалары Ауылшармині осы Ереженің 8-тармағына сәйкес жеткізген көлем мен

түр - түрі шегінде жүргізеді.

11. Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушылар көрсетілген өнімді ауылшартауарөндірушілерге сатушыны айқындау процесінде Ауылшармині қабылдаған баға бойынша сатады. Бұл ретте ауылшартауарөндірушілер сатушыларға минералдық тыңайтқыштар, тұқым дәрілері және гербицидтер бағасының 60 пайызын төлейді.

12. Ауылшартауарөндірушілер сатушыдан минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатып алудан бас тартқан жағдайда Ауылшарминінің аумақтық басқармалары Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармалары ұсынған мәліметтер негізінде ауылшартауарөндірушілердің бекітілген тізбесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

13. Ауылшартауарөндірушінің минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді алуы фактісі бойынша сатушылар, ауылшартауарөндірушілер және Ауылшарминінің аумақтық басқармалары арасында Ауылшармині бекіткен нысан бойынша минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу туралы үш жақты актіге қол қойылады.

Тараптардың минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу және мақсатты пайдалану туралы үш жақты шарттарға, сондай-ақ минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу туралы үш жақты актілерге қол қоюын Ауылшарминінің аумақтық басқармалары қамтамасыз етеді.

14. Субсидиялар осы Ереженің 5-тармағына сәйкес айқындалған сатушыларға ауылшартауарөндірушілер іс жүзінде сатып алған минералдық тыңайтқыштар, тұқым дәрілері және гербицидтер үшін төленеді.

15. 1 тоннаға (килограмм, литр) бөлінетін субсидиялар мөлшері ауылшартауарөндірушілер сатып алған минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің әр түрі бойынша есептеледі және оны Ауылшармині минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің 1 тоннасы (килограмм, литр) құнының 40 пайызы шегінде бекітеді.

16. Субсидиялар алу үшін минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушылар ай сайын келесі айдың 15-күніне, бірақ тиісті жылғы 10 қарашадан кешіктірмей, Ауылшарминінің аумақтық басқармаларына мынадай құжаттарды:

Ауылшармині бекіткен нысан бойынша минералдық тыңайтқыштардың, тұқым дәрілерінің және гербицидтердің ауылшартауарөндірушілер іс жүзінде алған көлемі жөніндегі жиынтық актіні тапсырады. Жиынтық акт осы Ереженің 9 және 14-тармақтарында көрсетілген минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу және мақсатты пайдалану шартының және минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу туралы үш жақты акт негізінде жасалады;

минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді жеткізу туралы
ү ш ж а қ т ы а к т і н і т а п с ы р а д ы .

17. Ауылшарминінің аумақтық басқармалары ұсынылған құжаттарды тексереді және заңнамада белгіленген тәртіппен күнтізбелік жылдың аяғына дейін міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарларына сәйкес минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді сатушылардың шоттарына с у б с и д и я л а р д ы а у д а р а д ы .

18. Ай сайын 25-күнге қарай, бірақ тиісті жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей, Ауылшарминінің аумақтық басқармалары Ауылшарминіне өнімділікті арттыруды қолдауға субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомостардың көшірмелерін, сондай-ақ бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру туралы есепті тапсырады.

19. Минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді қолданған күннен бастап бір ай ішінде, бірақ тиісті жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей, ауылшартауарөндірушілер Ауылшарминінің аумақтық басқармаларына Ауылшармині бекіткен нысан бойынша минералдық тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді мақсатты пайдаланғаны туралы актіні тапсырады.

20. Ауылшарминінің аумақтық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына Ауылшармині белгіленген тәртіппен бекіткен сатушыларға субсидиялар төлеуге арналған ведомость пен төлем шотын тапсырады.